

Қазақстан Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары
А. Баймағамбетовтің
Central Asia Fintech
Summit ашылуындағы
алғы сөзі

Алматы қ.

2024 жыл, 8 қазан

**Құрметті әріптестер, саммитке қатысушылар мен
қонақтар,**

Сіздерді алғаш рет өтіп отырған Central Asia Fintech Summit-інде (Орталық Азия Финтех Саммитінде) көргеніме қуаныштымын. Бұл саммит финтех индустриясының сарапшыларын, қаржы реттеушілері мен **15** елдің орталық банк өкілдерінің басын қосып отыр.

Алдағы **2** күнде **цифрлық активтерден** бастап қаржы нарығында жасанды **интеллектті қолдануға** дейінгі қаржы технологиялары саласындағы ең өзекті мәселелерді жан-жақты талқылайтын боламыз.

Форумға дәл осы финтех-инновацияларды енгізуде **тәжірибесі бар** мамандар жиналғанын ескерсек, пікірталастар қызықты әрі нәтижелі болады деп ойлаймыз. Бұл дискуссиялардың қорытындысы таяу арада іс жүзінде қаржы индустриясын әрі қарай цифрландыру үшін жасалатын қадамдарға айналады деп сенеміз.

Мемлекет басшысы биылғы Қазақстан халқына Жолдауында қаржы технологияларын дамытуға

жалпыұлттық деңгейде басымдық беру екенін айтқан болатын.

Қазір Қазақстанның қаржы секторы ел экономикасын цифрландыруда **қозғаушы күшке айналды**. Қолма-қол ақшасыз экономиканың өсімі, цифрлық банк сервистерін дамытуда, қаржы және мемлекеттік қызметтерді интеграциялауда айтарлықтай жетістіктерге жеттік.

Кейінгі **5** жылда халық арасындағы қолма-қол ақшасыз транзакция көлемі **10** еседен көп өсті және оның бөлшек тауар айналымындағы үлесі **89%**-ға жетті. Ұлттық Банктің банкаралық төлем жүйелері елдегі барлық қолма-қол ақшасыз айналымның шамамен **88%**-ын өңдейді. Ал биылғы 9 айда транзакция айналымының жалпы көлемі **1 квадриллион теңгеден** асып түсті.

Клиенттің «онбордингі», банк шотын ашу, несие рәсімдеу, ақша төлеу мен аудару, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер сияқты негізгі қаржы қызметінің барлығына **цифрлық форматта, қашықтан қол жеткізе аламыз**. Ұлттық Банк базасында биометриялық сәйкестендіру сервисі сәтті жұмыс істеп тұр, оның көмегімен айына **2,5 млн-нан** астам өтініш өңделеді.

Қаржы секторын цифрландыру GovTech саласынан бастап электрондық коммерция индустриясына дейінгі көптеген салаға **оң мультипликативті** әсерін тигізді.

Алайда, өмірімізге инновациялардың жылдам енуімен қатар **киберқауіп** пен **онлайн-алаяқтық** та күшейіп келеді. Олардың алдын алу үшін біз биылғы 22 шілдеде нарық қатысушыларымен және құқық қорғау органдарымен бірлесіп **Ұлттық Антифрод-орталығын** іске қостық. Ол қазірдің өзінде **500** млн теңгеден астам соманы алаяқтардың иемденіп кетуінен сақтап қалды және одан әрі қарқынды түрде дамып келеді.

Бұл бастама қаржы қызметтерінің цифрлық форматқа **сәтті көшіп жатқанын көрсетеді** деп сенімді түрде айтуға болады. Біздің міндетіміз – осы бағытта одан әрі дамып, аймақта **көшбасшы позициясын сақтап қалу**.

Қазір біз ҚНРДА-мен, сондай-ақ нарық қатысушыларымен бірлесіп, алдағы 5 жылға арналған **Қаржы реттеушілерін цифрландыру стратегиясын** әзірлеп жатырмыз. Ол біздің барлық «цифрлық» бастамамызды реттейтін өзгерістерге қосымша ретінде Қаржы нарығында инновациялық заңнамалық ортаны құру үшін бірыңғай Цифрлық Ұлттық Банк тұжырымдамасына біріктіреді.

Бұл стратегия біздің барлық «цифрлық» бастамамызды біріктіріп, қаржы нарығындағы **проинновациялық** заңнамалық орта қалыптастыру үшін жоспарланған реттеуші өзгерістерді, бірыңғай **Цифрлық Ұлттық Банк** тұжырымдамасын толықтырады.

Қаржы ұйымдары арасында өзара байланыс орнататын, цифрлық қаржы қызметтерінің ұлттық деңгейде, ауқымды түрде енуіне жол ашатын **Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымынсыз (ҰЦҚИ)** цифрландырудың жаңа кезеңіне өтуді елестете де алмаймыз. Мұндай инфрақұрылымның негізгі қағидаты нарықтағы барлық қатысушыға **бірдей жағдай жасап, «адамға бағдарланған»** модельге сай барлығына түсінікті, бірізді ережелерге негізделген **тең мүмкіндік беру** болуы керек.

Бұл мәселені елдің бірыңғай энергетикалық желісімен салыстыруға болады: **онда мемлекет жүйелік оператор рөлін атқарып**, барлық тарапқа бірдей қарап, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Ал нарық қатысушылары шынайы бәсекелеседі. Бұл индустриядағы шынайы бәсекелестікті қолдап, нарықтың ашықтығы мен ұзақ уақыт бойы тиімді дамуына жағдай жасайды. **Нарық билігі тұтынушылардың қолында болуы керек:** платформалық бизнес-модельдердің дамуы азаматтардың таңдауын шектемеуге тиіс, цифрлық экожүйелер ашық болуы керек.

Инфрақұрылымның негізгі **құрамдас бөліктері** – Ұлттық төлем жүйесі, Цифрлық теңге платформасы, Open API платформасы, цифрлық келісімдер механизмі, биометриялық сәйкестендіру жүйесі және Антифрод-орталық. Бұл бастамалардың кейбірі қазірдің өзінде жұмыс

істеп тұр, ал **Цифрлық теңге, Open API платформасы, Антифрод-орталық** былтыр пилоттық режимде іске қосылды, қазір сервистер кеңейтіліп жатыр.

2025 жылға қарай осы аталған инфрақұрылымды құру бойынша негізгі жұмыстар аяқталады.

Жеке сектор осындай инфрақұрылымның берер мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдаланып, бәсекеге қабілетті шешімдер мен сервистерді дамытып, азаматтар мен бизнеске қызмет көрсетуі керек. Біздің ортақ мақсатымыз – цифрлық қаржы қызметтерін қауіпсіз әрі қолжетімді ету, нарықта бәсекелестік пайда болуы үшін жағдай жасау.

Жоғары технологияға негізделген нарық тек реттеуші жоғары технологияға негізделген жағдайда ғана қалыптасады.

Басты мақсат – **Data-Driven Банк құру**. Ол Ұлттық Банктің негізгі бизнес-процестерін қайта құруды да талап етеді. Ұлттық Банк пен оның еншілес құрылымдарының иелігіндегі әкімшілік және транзакциялық деректер негізінде деректер платформасы құрылады. Ол макро- және микро-пруденциялық реттеу мен қадағалаудың деректерге бағытталған технологияларын жетілдіруге бағытталған. Деректердің үлкен жиынтығына қол жеткізу зерттеулер мен болжам аналитикасының сапасын жақсартып қана қоймай, нарыққа қолжетімді ашық деректерді арттырып, реттеушілер

үшін жиналатын деректердің қоғамдық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, **SupTech** және **RegTech** технологияларын ұлттық қаржы жүйесіне кеңінен енгізуге баса мән беруді жоспарлап отырмыз. Бұл – тәуекелдерді тиімді басқару мен нормативтерді сақтау жолындағы ілгерілеу ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы **қаржы индустриясындағы цифрлық трансформация стратегиясының маңызды элементі.**

Басты бағыт **жасанды интеллектті** цифрлық бастамалардағы негізгі технология ретінде белсенді түрде енгізу болмақ. Қазір жасанды интеллект тек технологиялық жаңалық қана емес, сонымен қатар экономикалық ландшафттың ажырамас бөлігіне айналды.

Көп ұзамай генеративті жасанды интеллект, машинаны оқыту алгоритмдері, компьютер қырағылығы және басқа да технологияларды тиімді қолдану **бәсекеге қабілеттілікті** анықтайтын өлшемге айналады. Бұл қаржы секторына да, басқа да көптеген салаға қатысты.

Осы және басқа да бастамалар туралы толығырақ әріптестеріміз **keynote баяндамаларында** және арнайы ұйымдастырылған **презентация стендтерінде** айтып береді.

Сөзімді түйіндей келе, мемлекет, бизнес және қаржы секторы арасындағы ынтымақтастық тұрақты әрі қауіпсіз

қаржы жүйесін құруда басты рөл атқаратынын атап өткім келеді. Біз үлкен мүмкіндіктер мен күрделі сын-тегеуріндер тоғысында тұрмыз. Цифрландыру тек күш біріктіру арқылы ғана экономикалық өсімге, әлеуметтік прогреске және әр адамның әл-ауқатына қызмет ететін болады.

Қазақстан тек кейінгі технологиялық трендтерден хабардар болып қана қоймай, әлемдік аренада оларды қалыптастыруда да ойып тұрып орын алуға тиіс.

Бүгінгі саммитке пікір көшбасшылары жиналып отыр, баршаңызға жемісті ойталқы, инновациялық идеялар тілеймін.

Өзімнің де алып-қосарым бар.

Біз кейде Цифрлық Ұлттық Банкке қатысты кейбір скепсис пікірлерді естіп қалып жатамыз. Осыған орай айта кеткім келетіні – бұл тек цифрландыру саласындағы бастамалар мен жобалардың жиынтығынан тұрмайды. Біз оны күнделікті жұмысымызға деген көзқарасымызды біртіндеп және прагматикалық түрде өзгертетін кешенді жоспар ретінде қарастырамыз.

Жалпы, **дәстүрлі түсінік бойынша**, орталық банк бүкіл қаржы секторы мен ақша-кредит саясатына жауапты үлкен қаржы реттеушісі деп есептеледі. Осы себепті көбіне ол ережелерді белгілейтін, оларды өзгертуге құлықсыз және

инновациялардың дамуына жиі кедергі болатын **консерватив институт** ретінде қабылданады.

Біз мұны түсінеміз және **ойлау жүйесін өзгерткіміз** келеді. Біз қаржы технологиялары саласындағы өзекті мәселелерді **«еститін»** және оларды шешуге барынша күш салатын икемді әрі теңгерімді **институт** болуға ұмтыламыз.

Ал цифрландыру осы құрылымдық өзгерістердің драйвері болуға тиіс деп есептейміз. Біз мұндай **трансформацияны** тек банктермен ғана емес, кең мағынадағы **нарықпен ынтымақтасу** арқылы жүзеге асыра алатынымызды түсінеміз. Сондықтан Сіздердің айтар **ұсыныстарыңызды** қарауға және оларды бірлесе **іске асыруға ниеттіміз** деп сенімді түрде айта аламыз.

Біз Ұлттық Банктің белсенді түрде цифрлануы бүкіл нарықтағы инновацияларға серпін береді деп сенеміз, бұл бізге сенімді, қауіпсіз және ашық цифрлық қаржы экожүйесін бірге құруға мүмкіндік береді.

Баршамызға тағы да жемісті ойталқы, инновациялық идеялар тілеймін.